

Қостанай аудандық мәслихатының 2003 жылғы 22 қазандағы № 14 "Тұрмыстары төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйлік көмек көрсету және жиынтық кірістерді есептеу туралы Ережелер" (мемлекеттік тіркеу нөмірі 2584) шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2004 жылғы 19 ақпандағы № 38 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 9 наурызда № 2801 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2007 жылғы 16 шілдедегі № 435 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 16.07.2007 № 435 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағына және Қостанай аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы № 107 "Қостанай аудандық мәслихатының 2003 жылғы 22 қазандағы № 14 "Тұрмыстары төмен отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үйлік көмек көрсету және жиынтық кірістерді есептеу туралы Ережелер" (мемлекеттік тіркеу нөмірі 2584, 2003 жылғы 21 қарашадағы "Көзқарас-Взгляд") шешіміне өзгерістер енгізу туралы" қолдау хатына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. 2003 жылғы 22 қазандағы № 14 шешімінің бірінші қосымшасының 4 тармағы жаңа редакцияда шығарылсын:

"Өтем шараларымен қамтамасыз ететін коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативін есептеу приборлары жоқ тұтынушыларға (жылу, сумен, газбен, электр қуаты, кәріз су арнасы, қоқыс шығару, қолданбалы шығыстар) облыс әкімі бекітеді, электроэнергияның қолдану нормасы бір адамға 45 Квт. Егер де ол нормативтер және тарифтер тұрғын үй ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға заңды түрде анықталмаған жағдайда, шығындарды өтеу нақты түрдегі шығыстар бойынша жүргізіледі, бірақ бекітілген коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативінен артық болмауы керек. Тұтынушылардың есепке алатын шығындары, яғни оны коммуналдық қызметтері есепке алатын аспаптары болса, оның алдындағы тоқсанға немесе соңғы тоқсанға, яғни қызметтер толық деңгейде көрсетілгендіктен есеп аспаптарының көрсеткіші бойынша жүргізіледі, бірақ бекітілген коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативінен артық болмауы керек".

2. 2003 жылғы 22 қазандағы № 14 "Жиынтық кірістерді есептеу туралы Ережелер" шешімінің 2 қосымшасының 3 бөлімінің 7 абзацындағы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек" сөйлемі шығарылсын.

*Қостанай аудандық мәслихатының
үшінші сессиясының төрағасы*

*Қостанай аудандық
мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК